

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2017 - 2019 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 29 қарашадағы № 23-VI ҚРЗ. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 30 қарашадағы № 111 -VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 30.11.2017 № 111-VI Заңымен (01.01.2018 бастап қолданысқа енгізіледі). РҚАО - ның ескертпесі!

Осы Заң 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

1-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан кепілдендірілген трансферттің мөлшерлері

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2017 – 2019 жылдарға арналған республикалық бюджетке кепілдендірілген трансферттің мынадай мөлшерлері бекітілсін:

- 2017 жыл – 2 880 000 000 мың теңге;
- 2018 жыл – 2 880 000 000 мың теңге;
- 2019 жыл – 2 880 000 000 мың теңге.

2-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.
2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2016 – 2018 жылдарға арналған кепілдендірілген трансферт туралы" 2015 жылғы 30 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., № 22-VII, 164-құжат; 2016 ж., № 5, 33-құжат; № 16-17, 104-құжат) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Н. Назарбаев